TÜRKPA
PARLIAMENTARY ASSEMBLY OF TURKIC STATES

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

ҚОРШАҒАН ОРТА, ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ТОҒЫЗЫНШЫ ОТЫРЫС

2024 жылғы 27 мамыр
онлайн

ҰСЫНЫМДАР

“ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ”

Парламенттік Ассамблея**:**

Медициналық қалдықтар ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің денсаулық сақтау жүйесіне елеулі қатер төндіруі мүмкін негізгі жаһандық экологиялық мәселелердің бірі екенін ***есепке ала отырып***;

ТҮРКПА аймағының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың маңызды факторы ретінде медициналық қалдықтарды басқаруды жетілдіруді ***атап өте отырып***;

Адам денсаулығына ұзақ мерзімді және жағымсыз қауіп-қатер тудыруы мүмкін, қоршаған ортаға елеулі қауіп төндіретін нашар басқарылатын медициналық қалдықтарды ***ескере отырып***;

Медициналық, ауруханалық және қауіпті қалдықтарды дұрыс басқару қоршаған ортаға және денсаулық сақтау жүйесіне қауіптердің алдын алу және азайту үшін үлкен мүмкіндік беретінін ***мәлімдей отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің ұлттық денсаулық сақтау мекемелерінің жетістіктерін біріктіру бойынша күш-жігерді ***құптай отырып***;

Мәселенің негізгі аспектілеріне бағытталған медициналық қалдықтарды басқару бойынша ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттерде өткізілетін іс-шаралардың барлық түрлерін ***қолдай отырып***;

Зақымдау көлемін төмендететін және ықтимал тәуекелдерді азайтатын медициналық қалдықтарды тиімдірек басқарудың тиімділігін ***түсіне отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер қосылған және қабылдаған медициналық қалдықтарды басқаруға қатысты халықаралық конвенциялар мен заңдарды ***еске сала отырып***;

1989 жылғы 22 наурызда қабылданған Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды орналастыруды бақылау туралы Базель конвенциясына және 2001 жылғы 22 мамырда қабылданған Тұрақты органикалық ластанулардың (ТОЛ) зиянды әсерінен адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау туралы Стокгольм конвенциясына ***баса назар аудара отырып***;

Мүше парламенттердің халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастығы арқылы денсаулық сақтау және медициналық көмек саласындағы ынтымақтастықты ***атап өте отырып***;

ТҮРКПА мүше мемлекеттердің парламенттеріне келесіні ұсынады:

a) мүше мемлекеттер арасында ұлттық заңнаманы үйлестіру және жақындату арқылы медициналық қалдықтармен жұмыс істеуге қатысты заңнамалық базаны *жетілдіру*;

b) қалдықтарды нормативтерге сәйкес шығу жерінде жинақтағанда ажыратуға қатаңдырақ болуға және оның тиімдірек әрі қоршаған ортаға азырақ зиян келтіруіне назар аударуға *күш-жігер салу*;

c) аймақтық денсаулық сақтау желісін нығайтуға бағытталған Түркі мемлекеттерінің медициналық қалдықтарды басқару жүйесінің инновациялық моделін *әзірлеу*;

d) медициналық қалдықтарды басқаруға қатысты денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны сақтау мәселелері туралы хабардарлықты арттыру үшін білім беру бағдарламалары мен оқыту мүмкіндіктерін *ұйымдастыру* және білім беру, оқыту

және тиісті тәртіпте жұмыс жасау арқылы қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

e) аурулардың азаюына және қоршаған ортаның аз ластануына әкелетін жетілдірілген саяси шешімдер мен рәсімдерді *енгізу*;

f) ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің тиісті салалардағы ықтимал ынтымақтастық бағыттарының перспективасын *қарастыру*;

g) медициналық мекемелер үшін нақты нұсқауларды белгілеу арқылы қалдықтарды басқару мәселелерін назарда *ұстау*;

h) материалдар мен бір рет қолданылатын жабдықты пайдалануды реттеу арқылы түзілетін қалдықтардың санын *азайту*, медициналық қалдықтарды басқару мен өңдеуді жақсарту;

i) қоршаған ортаның ластануын азайту үшін қалдықтарды кәдеге жаратудағы жаңа технологияларды *қолдану*.